

КӨШБАСШЫЛЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА БАСТАЙТЫН ЖОЛ

Нұр-Сұлтан қаласындағы №73 физикалық-техникалық мектеп-лицей 2014 жылы есігін айқара ашып, алғашқы шәкірттерін қабылдады. Білім ордасы соңғы үлгідегі заманауи техникалық құралдармен жабдықталған. Сондай-ақ, лицейде оқып жүрген шәкірттердің заман талабына сай сапалы білім, саналы тәрбие алуымен қатар, жан-жақты талантты да талапты тұлға болып қалыптасуына, дамуына барлық жағдай жасалған. Әсіресе, балаларды жаңашылдыққа, ойлау қабілеттерінің ұштала түсуіне ықпал ету бағытында да түрлі шаралар өткізіледі.

Физикалық-техникалық мектеп-лицей болғандықтан балаларға физика және математика бағытын тереңдетіп оқытамыз. Сонымен қатар, басқа да техникалық салалар бойынша білім берілетіні түсінікті. Мектеп-лицейімізге НЗМ тәжірибесін енгізіп, бірнеше жыл қатарынан алуан түрлі жобалармен үздіксіз жұмыс жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, «Оқуға 100 кітап», «Туған елге тағзым», «Дизайн», «Қолданбалы экология», STEM т.б.



Бүгінгі таңда, күн тәртібіне экология мәселесі өткір қойылып отыр. Оған басты себеп – қоршаған ортаның қатты ластануы.

Қоршаған ортаны ластағыштың бірі полиэтилен пакеті екен. Біздер осы мәселе бойынша біраз жұмыстар жасадық. Экологияны таза ұстауға әр адамның қалай үлес қосуына болады деген идеяны талқыладық. Бұл мәселені біз оқушыларды іске жұмылдыру арқылы көтердік. Оқушы қыз балалар өз қолдарымен экопакеттер жасады.

Кез келген оқушы мектепте жүрген кезден бастап экологияны таза ұстау мәселесіне

араласып, оған қандай да бір үлес қосатын болса, бұл оның бойына жақсы әдет болып қалыптасып, есейген шақта да өзінен де, айналасындағылардан да соны талап ететін болады.

Тәрбиелеу дегеніміз – тек «жақсы бол, жақсы бол!» деп айта беру емес, қалай жақсы болудың жолын көрсету деген идея ғой. Біз оны көрсетіп қана қоймай, оны өздеріне жасатамыз. Әдетте балалар жарысқанды жақсы көреді. Балалардың сол қасиеті көптеген тәрбиелік мәселелерді оңай тиімді шешуге көмектеседі. Қазір эколог мамандарымыз полиэтилен пакетін

мата дорбаға ауыстыратын кез келді деп дабыл қағуда.

Бұлар – ертеңгі әр саланың мамандары яғни, ертеңгі қоғамды ілгері алып жүрушілер. Олардың экологияға деген жанашырлық сезіміне қозғау салу мақсатын көздеп жатырмыз. Білім алу өз алдына, қоршаған орта таза болмаса, сол біліміңді елдің игілігіне жұмсауға мүмкіндік туа ма, тұмай ма? Міне, біздегі мақсат сол.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 9-10 сынып оқушыларының арасында қоршаған ортаны ластап жатқан мәселенің ең өзектісі болып отырған полиэтилен пакеттерінен құтылудың жолдарын қарастыру конкурсын, яғни «ЭКОпакет» жасау конкурсын жарияладық. Бұл «Дизайн» жобасының аясында ұйымдастырылып өткізілді.

Жобаға білім алушыларымыз өз қолдарымен матадан жасалған «ЭКОпакеттерін» ұсынып, өз ойларын жоғары деңгейде қорғап шықты. Жобаның мақсаты – экологиялық қауіпсіз қағаз пакеттермен немесе бірнеше рет қолдануға болатын мата қалталарды қолданысқа енгізу арқылы жаңа кезеңге аяқ басуға дайындық жасау.

«Дизайн» жобасының аясында алуан түрлі конкурстар ұйымдастырып өткіздік. Лицей оқушылары барынша ынтасымен кірісті.

Жасөспірімдерді дизайнерлік жобаларға бейімдеуіміздің мақсаты – дизайнның балалар ойының ұшқыр болуына



ойының ұшқыр болуына бірден-бір септігін тигізуі. Жалпы, дизайн тек шығармашылық немесе әдемілік үшін ғана емес, кең түрдегі әлеуметтік-техникалық мәселелерді шешуде де қолданылуы тиіс.

Яғни, өндірісте, адамдардың күнделікті өмірінде тіршілік ортасын көркемдеуге немесе оңтайлы етуге көмектеседі. Тіпті, балалар жас кезінен бастап дизайнмен шұғылданатын болса, бұл олардың мамандық таңдауына да көмегін тигізеді. Дизайнды жақсы

меңгерген бала өзі таңдаған кез келген мамандықты шеберлікпен меңгеруге, жаңа бастамаларға жол ашуға, креативті идеяларды өмірге әкелуге бейім болады. Біздің заман, қоғам креативті идеяларға мұқтаж. Ал мұндай идеялар тек идея күйінде қалып қоймай, іс жүзінде жүзеге асырылатын болса, ол қоғамды ілгері жылжытуға, тұрмыс жағдайында қолданылатын қажетті заттарды жетілдіруге, кез келген қарабайыр нәрсені көркемдеп жіберуге, тіпті жаңа бизнес көзін табуға ықпал етер еді. Сондықтан біз балалардың осы салаға да назар аударуын көздеп, арнайы конкурс өткіздік.

Шығармашылық жұмысты жүргізудегі мақсатымыз – балаларды өздігінен жұмыс жасауға, ісмерлікке, еңбексүйгіштікке баулу. Осындай дизайн жобасын іске асыру арқылы оқушыларды еңбектенуге, әрекет етуге тартуға болады.

Бұл іс балалардың мектеп алаңын абаттандырудан бастап, кез келген тақырыпта өтетін шараларға өздерінің идеяларын қосуына, дизайнерлік жобалар жасауына жол ашады.

Дизайн жасауға қажетті заттарды арнайы ақша шығарып сатып алмай, қолда бар нәрседен қандай да бір нәрсе жасау, яғни қалдық



заттарды қайта өңдеп, кәдеге жерату керек деген ой тастадық. Осы арқылы оқушылар үнемділікке, ұқыптылыққа үйренеді. Мектепте қағаз оқитудың басты құралы ғой. Ал қағаз деген – бұл ағаш. Яғни, ағаш біздің планетамызды тазалап, біздер жұтатын ауаны баптайтын бірден-бір табиғи көз. Ал әлем бойынша қанша бала мектеп партасында отырған болса, сонша бала кітап, дәптер қолданып жатыр. Оның бәрін, әрине, есептеп шығу мүмкін емес. Бірақ, соның барлығы орманнан кесіп алынған ағаш екендігін ойласақ, табиғатқа қаншама зиян келтіріп жатқанымызды жобамен білуге болады. Осы орайда, қағазды үнемдеу мәселесін көтеруге болады. Біз осы мәселені көтермес бұрын, балалардың назарын осындай көзімізге көрінбейтін, қолымызға ұсталмайтын шығындарға аударуға машықтандыруды ойладық. Сондықтан жартылай ғана пайдаланылған дәптерлерден қандай нәрсе жасауға болатындығын балалардың өздері ойлансын деп ұсыныс жасадық. Мұндай қалдық қағаздардан не жасауға болар еді?! «Біздер осындай конкурс ұйымдастырамыз. Қатысасыздар ма?» деген сауалға білім алушыларымыз бірден зор ынта білдірді. Сөйтіп, түрлі бұйымдар жасауға негізделген «Скрапбукинг» жасау конкурсы өткізілді. Білім алушылар блокнот дайындау барысында әр түрлі маталар, түрлі түсті картон, фетр, пакет, тіпті тұсқағаздың қалдықтарын да қолданды. Бұл конкурстың мақсаты – оқушыларды тек блокноттар жасауға бейімдеу ғана емес, сонымен қатар олардың қалдықтарды үнемдеу арқылы көп нәрсеге қол жеткізуге болатындығына, дизайнерлік қабілеттерін дамытуға мүмкіндіктің бар екендігіне және дизайнерлік қабілеттің кез келген адамға кез келген уақытта қажет болатындығына көзін жеткізу. Мұның өзі оқушыларды ертеңгі өмірге бейімдеудің, дайындаудың бір қыры десек те болады. Кез келген конкурстың мақсаты – қандай да бір мәселенің оңтайлы шешімінің және өзіндік шеберлік деңгейінің болатындығын дәлелдеу және жастарды соған ұмтылдыру. Білім алушылар өздері жасаған өнімдерінің экономикалық құнын



есептеу арқылы нақты сататын бағасын өздері есептеп шығарды. Шамамен орта есеппен алғанда бір блокноттың құны 500-600 теңгені құрады. Ең қымбат блокнот 2000 теңге болды. Бұл дәл осындай сападағы блокноттардың қазіргі нарықтағы құнына қарағанда әлдеқайда арзан. Өйткені, бұл блокноттар экологиялық таза заттардан жасалған. Құнын есептеуіміздің себебі – әрбір бала өз еңбегінің құнын білуі тиіс. Яғни, еңбектің бағалануы керектігін ұққан бала ертеңгі күні басқаның да еңбегін бағалайтын болады. Мысалы, көше тазалаушылардың көшені еңбектеніп тазалап жүргендігін түсінген бала, келе жатып қолындағы қандай да бір бөтелкені немесе ас қалдығын көрінген жерге лақтыра салмайды деп ойлаймын.

Басқалардың еңбегін бағалау арқылы ғана біз балаларды жалпы тәртіп пен жауапкершілікке үйрете аламыз.

Өз еңбегінің өзіңе және қоғамға қаншалықты пайда әкелетіндігін іштей болса да есептей білу керек. Бұл тек есеп үшін ғана емес, өзің жасайтын еңбегіңнің қаншалықты маңызды екенін түсіну үшін керек. Сонымен қатар, оқушы сапалы дүниенің жақсы бағаланатынын білетін болса, мектеп бітіріп, қоғамдық өмірге араласқан кезде сапалы да таза заттарды тұтынуға және қандай да бір іскерлікпен,

өнім өндіру кәсібімен айналысып кетсе де өзінің мойнында қандай жауапкершіліктің барын сезінуі қажет деп ойлаймын. Біздің түрлі конкурстар ұйымдастырудағы түпкі мақсаттарымыздың осындай тәрбиелік жақтары көп.

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті» деп жазылған.

Сондықтан да бүгінгі мектеп партасында отырған білім алушыларымызға туған жерді таныту маңызды. Жалпы туған жерді таныту дегенде ол жердің несімен құнды, бағалы екендігін түсіндіру бағытында атқарылған жұмыстар өте маңызды. Туған жерді таныту және тани түсу мақсатында жүргізіліп жатқан қызу жұмыстардың бірі – «Туған елге тағзым» жобасы.

«Туған елге тағзым» жобасының аясында атқарылған ауқымды шаралардың бірі – лицей оқушылары Қарағанды облысы Ұлытау ауданына, Маңғыстау облысы Ақтау қаласына, Маңғыстау ауданына, Оғыландыдағы Бекет ата жерасты мешітіне, Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласына, Абай ауданына, Түркістан облысы Шымкент, Түркістан қалаларына, Отырар ауданына, Көкшетау қалаларына танымдық саяхат жасап қайтты.

Туған жер дегенді тек картадан көрсете бермей, бір мезгіл кең даланың иісін сезіп, топырағын басып, көзбен көріп қайтқанға не жетсін?! Әсіресе, қала балалары үшін бұл ерекше оқиға. Жас өрендеріміздің өз өңірлерінің тарихын біліп өскені олардың бойындағы отаншылдық сезімінің беки түсуіне ықпал етері сөзсіз.

Киелі жерлер мен басқа да тарихи маңызы бар жерлерді оқушыларымызға таныстырудың маңызы зор.

Сонымен қатар, «Туған жер» бағдарламасының негізінде қала мектептерінің арасында негізгі тірек мектебі болып, елордамыздағы бірнеше мектептермен ынтымақтастықта жұмыс жасап, елордалық оқушылардың ордалы оңтүстік өңіріне танымдық саяхат жасауына мұрындық болдық.

Ұлы бабаларымыз ұлықтап кеткен ұлттық құндылықтарымыздың бірі – қасиетті жер! Келешек ұрпақтың туған жерге деген патриоттық сезімінің түпқазығы өз жерінің қасиетін танып өсуіне байланысты.

«Оқуға 100 кітап» жобасының аясында лицейімізде балалардың жас ерекшеліктеріне сай кітап оқу конкурстарын дәстүрлі түрде үздіксіз ұйымдастырып келеміз. Жас бүлдіршіндерімізді ынталандыру мақсатында қаржылай сыйлықтар тағайындадық. Лицейде кітап оқуға мүмкіндіктер молынан қарастырылған. Білім ордасында

кітап оқу мәдениеті қалыптасқан. Тіпті, жас ұстаздарымыздың арнайы кітап оқу клубы да қарқынды түрде жұмыс істейді.

Жоба аясында «ӘКЕММЕН ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕМІН» атты әдеби байқауды ұйымдастырып өткіздік. Бұл байқау жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Әдеби байқауды қала деңгейінде өткізіп, республика көлемінде іс-тәжірибемізді тараттық. Бұл байқау арқылы кітап оқуды насихаттап, әкелеріміздің бала тәрбиесіне көңіл бөлуіне ықпал еттік.

Әкелеріміздің отбасы тәрбиесіндегі рөлін жандандыруға мұрындық болдық.

Жоба аясында, атқарылған қызу жұмыстардың бірі – «Өмірімді өзгерткен кітап» оқу-ағарту бағытындағы іс-шарасы. Шара барысында, атпал азаматтар, танымал тұлғалар, жетістікке жеткен қоғам белсенділерімен кездесу ұйымдастырылып отырады. Бұл да кітап оқуға баулудың бір үлгісі.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптарымыздың Халықаралық бакалавриатқа кандидаттыққа үміткер мектеп мәртебесін иеленуі – оқу процесінде болған игі жаңалықтарымыздың бірі. Сабақтан және сыныптан тыс жұмыстардан басқа қаламыздағы мәдениет ошақтарына, мысалы әдептіліктің әліппесі саналатын театрға, ұлттық академиялық

кітапханаға, саябақтарға т.б. бару үздіксіз ұйымдастырылып отырады. Сондай-ақ, лицейде қазақ үшін қашанда қастерлі болған «АЗАТТЫҚ», «Наурыз» мерекелерін ерекше атап өтуге, дәстүрлі түрде үздіксіз ұйымдастыруға ерекше ден қойылған. Бұл мерекелерді лицейіміздің білім алушылары мен ұстаздар қауымы қашанда ыстық ықыласпен күтетіні жасырын емес.

Оқу-тәрбие жұмысын жүргізу барысында ата-аналар жиналысын үнемі жаңа форматта ұйымдастырып отырмыз. Яғни, ата-аналар жиналысы сынып жетекшісінің монологінен ғана тұрмайды. Лицей көлемінде ата-аналарымыз бен мұғалімдеріміз үшін пайдалы семинарлар жиі ұйымдастырылады. Қашықтықтан оқыту жағдайында да сенбі, жексенбі күндері шәкірттеріміз үшін пайдалы дүниелер ұйымдастыруға тырысып отырмыз.

Бүгінгі таңда, мектеп-лицейіміздің қала көлемінде абыройы асқақтап, мерейі үстем болып жатса, мұндай жетістікке жетуіміздің бір ғана құпиясы – СЕНІМ мен СЫЙЛАСТЫҚ.

Лицейіміздегі менеджмент, яғни басқару стилі үштік одақ арасындағы ашықтық. Бәріміздің де илеп жүргеніміз бір терінің пұшпағы. Сіздермен өзім басқарып отырған білім ошағының тыныс-тіршілігімен бөлісуді жөн көрдім. Білім алаңында біздер баптаған тұлпарлар лайым бәйгенің алдын бермесін!

**Құралай АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
№ 73 физикалық-техникалық
мектеп-лицейдің директоры**

АННОТАЦИЯ ○

В статье рассказывается о проводимой работе по воспитанию у учащихся патриотических чувств к родной земле, их приобщению к чтению книг, внедрению в школу опыта НИШ, налаживанию контактов с родителями при проведении учебно-воспитательной работы.

